


Үй тапсырмасын тексеру




1) Компьютер жанындағы өсімдік

2) Баспаға шығару құрылғысы

3) Бос орын қалдыру пернесі

4) Функционалды пернелер нешеу?

5) Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі




6) Компьютердің негізгі құрылғыларын ата

7) Компьютердің миы

8) Информатика пәні нені зерттейді?

9) Жаңа жолға түсу пернесі

10) Деректерді сақтауға арналған құрылғы






АШЫҚ сабақ

физика, информатика
он күндігі.

Орындаған: Юмутбаева Жанар



Сабақтың тақырыбы:

*«Мәтіндік процессор туралы жалпы түсінік.
Программа интерфейсі.
Құжатты құру мен сақтау.»*



Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

Оқушыларды
компьютермен
жұмыс жасауды үйрету;

Дамытушылық:

Оқушылардың компьютермен
жұмыс істеу кезіндегі
практикалық біліктіліктері мен
дағдыларын қалыптастыру;
Құжаттарды құру мен сақтау
жұмыстарын
орындау арқылы бейнелік
ойлау қабілетін дамыту.


Тәрбиелілік:


Оқушыларды ізденімпаздыққа,
ұқыптылыққа, өз ойын еркін
жеткізе білуге тәрбиелеу



Сабақтың барысы:

- 1) Оқушылар мен сәлемдесу;
- 2) Үйге берген тапсырманы тексеру
- 3) Оқушыны бағалау
- 4) Жаңа тақырыпты түсіндіру
- 5) Үйге тапсырма беру
- 6) Қорытындылау






Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың көрнекілігі: ОЖ WINDOWS XP,
интерактивті тақта, слайд, оқулық, жұмыс дәптері.

Күтілетін нәтиже: оқушылар компьютермен жұмыс
жасап, компьютерге ақпарат енгізіп
үйренеді.




Ашық сабақтар



Жаңа сабақ бойынша

*Мәтіндік процессор- кез келген басып шығарылатын ақпаратты жасап шығаруға арналған қолданбалы компьютерлік программаның түрі. Мәтіндік процессордың ең танымал мысалы ретінде Microsoft Word-ты атауға болады. Microsoft Word-қа кіру жолы. **Microsoft Word программасын ашамыз. Ол үшін Бастау → Барлық программалар → Microsoft Office → Microsoft Word** батырмасын басамыз. Мәтіндік редакторлар мәтінді тек теруге және түзетуге мүмкіндік береді. Мәтіндік процессорлар мәтінді пішімдеудің үлкен мүмкіндіктеріне ие. Құжатқа әр түрлі суреттерді, сызбаларды, кестелерді қоса аламыз. Әртүрлі процессордың мәтінмен жұмыс істеуге арналған түрлі функциялар жиыны бар.*



Мәтіндік процессордың терезесі

Процессордың экраны құрамына Windows-тың стандарттық терезесінің барлық элементтері кіреді.

- 1. Тақырыптық жол*
- 2. Жолақ*
- 3. Қалып- күй жолы*
- 4. Терезені басқару батырмасы*
- 5. Айналдыру жолақтары*




Microsoft Word процессоры бір мезгілде бірнеше құжаттармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Яғни, сендер бірнеше құжат ашып, жұмыс істей аласындар. Әрбір ашылған құжат процессордың жаңа терезесіне орналастырылып, есептер тақтасында көрініс табады.

Құжатты құру және сақтау

Файлмен жұмыс істеу командалары **Office** батырмасының мәзірінде орналасқан. **Құру** бұйрығын таңдағаннан кейін құжатты құру терезесі пайда болады. Құжатты сақтау үшін жалпы қабылданған **Сақтау** және **Қалай** сақтау бұйрықтарын қолданады.

«Интервал» тіркеме парағы

Бұл тіркеме парақтың бұйрықтары қаріптің масштабын және ерекшеленген фрагменттегі немесе ағымдағы мәтіндегі әріптер арасындағы интервалды баптауға арналған.



Сабақты бекіту.

- 1. Информатика дегеніміз не?*
- 2. Информатика нені оқытады?*
- 3. Модель дегеніміз не?*
- 4. Циклдік алгоритм дегеніміз не?*



Үйге тапсырма беру. Мәтіндік процессор туралы жалпы түсінік. Программа интерфейсі. Құжатты құру мен сақтау.

Сабақты бекіту. Ол үшін оқушыларға жаңа сабақтан бірнеше сұрақтар қоя отырып сабақты аяқтаймыз.

Сабақты қорытындылау. Оқушыларды бағалап, сабақты қорытындылау.



